

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 465 Заңы

Санкт-Петербуркте 2002 жылғы 7 маусымда жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясы бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясы

РҚАО-ның ескертуі: Хартияға өзгерістер қарастырған - Қазақстан Республикасының 2008.12.15 N 103-IV, 2009.01.05 N 118-IV Заңдарымен.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі ШЫҰ немесе Ұйым деп аталады) құрылтайшы мемлекеттері болып табылатын Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және

Ө з б е к с т а н

Р е с п у б л и к а с ы ,

өз халықтарының тарихи қалыптасқан байланыстарын негізге ала отырып; жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып; саяси көпполярлылық, экономикалық және ақпараттық ғаламдану процестерінің дамуы жағдайында аймақтағы бейбітшілікті нығайту, қауіпсіздік пен тұрлаулылықты қамтамасыз етуге бірлескен күш-жігермен үлес қосуға тілек білдіре отырып;

ШЫҰ-ны құру ашылатын мүмкіндіктерді бірлесіп әлдеқайда тиімдірек пайдалануға және жаңа сынақтар мен қатерлерге қарсы тұруға жағдай жасайтынына сенімді бола

о т ы р ы п ;

ШЫҰ аясында өзара ықпалдасу мемлекеттер мен олардың халықтары арасындағы тату көршіліктің, бірлік пен ынтымақтастықтың зор әлеуетін ашуға жәрдемдеседі деп

е с е п т е й

о т ы р ы п ;

Шанхайдағы алты мемлекет басшылары кездесуінде (2001 ж.) орныққан өзара сенім арту рухы, өзара тиімділік, теңдік, өзара консультациялар, мәдениеттердің саналуандылығын құрмет тұту мен бірлесе дамуға ұмтылыстан шыға отырып;

Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы араларындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы 1996 жылғы 26 сәуірдегі келісімде және Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы араларындағы шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1997 жылғы 24 сәуірдегі келісімде, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы басшыларының 1998 жылдан бастап 2001 жылды қоса алғандағы кезеңдегі жоғары деңгейдегі кездесулерінің барысында қол қойылған құжаттарда баяндалған принциптерді сақтау аймақта және бүкіл әлемде бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрлаулылықты сақтау ісіне маңызды үлес қосқанын атап көрсете отырып;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін, халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтауға және тату көршілік пен достық қатынастарды, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға байланысты халықаралық құқықтың барша мойындаған басқа да принциптері мен нормаларын өздерінің жақтайтындығын қуаттай отырып;

Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы 2001 жылғы 15 маусымдағы Декларацияның ережелерін басшылыққа ала отырып;
мына мәселелер туралы уағдаласты:

1-бап

Мақсаттар мен міндеттер

ШЫҰ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:
мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенім артуды, достық пен тату көршілікті
н ы ғ а й т у ;

аймақта бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұралаулылықты сақтау және нығайту, жаңа демократиялық, әділетті ұтымды саяси және экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жәрдемдесу мақсатында көп бейінді ынтымақтастықты дамыту;

терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге, олардың барлық көріністерінде бірлесе қарсы тұру, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымына, трансұлттық қылмыстық әрекеттердің өзге де түрлеріне, сондай-ақ заңсыз көші-қонға қарсы күрес;

ортақ мүдде білдіретін саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс, құқық қорғау, табиғат қорғау, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, кредит-қаржы және басқа салалардағы тиімді аймақтық ынтымақтастықты
ы н т а л а н д ы р у ;

мүше мемлекеттер халықтарының тұрмыс деңгейін үздіксіз арттырып, жағдайларын жақсарту мақсатында тең құқылы әріптестік негізінде бірлескен іс-қимыл арқылы аймақтағы жан-жақты және теңдестірілген экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға жәрдемдесу;

әлемдік экономикаға интеграциялану жағдайында көзқарастарды үйлестіру;
мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне және олардың ұлттық заңнамаларына сәйкес адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қамтамасыз етуге
ж ә р д е м д е с у ;

басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарды қолдау және
д а м ы т у ;

халықаралық жанжалдарға жол бермеуде және оларды бейбіт реттеуде өзара
ы қ п а л д а с у ;

XXI ғасырда туындайтын проблемалардың шешімін бірлесіп іздестіру.

2-бап

Принциптер

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мынадай принциптерді ұстанады:
мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, халықаралық қатынастарда күш қолданбау немесе қауіп төндіре күш жұмсамау, шектес аудандарда біржақты әскери басымдықтан бас тарту;

барлық мүше мемлекеттердің тең құқылығы, өзара түсіністік және олардың әрқайсысының пікірлерін құрметтеу негізінде бірлескен көзқарастарды іздестіру;

ортақ мүдделер саласында бірлескен іс-қимылдарды кезең-кезеңмен жүзеге асыру;

мүше мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу;

ШЫҰ-ның басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға қарсы
б а ғ ы т т а л м а у ш ы л ы ғ ы ;

ШЫҰ мүдделеріне қарсы бағытталған кез келген заңға қайшы әрекеттерге жол
б е р м е у ;

осы Хартиядан және ШЫҰ аясында қабылданған басқа да құжаттардан туындайтын міндеттемелерді адал ниетпен орындау.

3-бап

Ынтымақтастық бағыттары

ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

аймақта бейбітшілікті сақтау және қауіпсіздік пен сенім білдіруді нығайту;

ортақ мүдде саналатын сыртқы саяси мәселелер бойынша, соның ішінде халықаралық ұйымдарда және халықаралық форумдарда ортақ көзқарас іздестіру;

терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге, есірткілердің және қару-жарактың заңсыз айналымына, трансұлттық қылмыстық әрекеттердің өзге де түрлеріне, сондай-ақ

, заңсыз көші-қонға бірлесіп қарсы тұру жөніндегі іс-шараларды талдап жасау және
і с к е а с ы р у ;

қарусыздану және қару-жаракқа бақылау жасау мәселелері бойынша күш-жігерді
ү й л е с т і р у ;

түрлі нысандағы аймақтық экономикалық ынтымақтастықты қолдау және ынталандыру, тауарлардың, капиталдардың, қызметтер мен технологиялардың еркін

қозғалысын біртіндеп жүзеге асыру мақсатында сауда мен инвестициялар үшін қолайлы жағдай туғызуға жәрдемдесу;

көлік және коммуникациялар саласында бар инфрақұрылымды тиімді пайдалану, мүше мемлекеттердің транзиттік әлеуетін жетілдіру, энергетика жүйелерін дамыту; аймақта су ресурстарын пайдалануды қоса алғанда табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, бірлескен арнаулы табиғат қорғау бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуда және олардың салдарын жоюда өзара көмек көрсету;

ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықты дамыту мүддесі жолында құқықтық ақпарат алмасу;

ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және туризм саласындағы өзара ықпалдастықты кеңейту;

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер өзара келісім бойынша ынтымақтасу салаларын кеңейте алады.

4-бап

Органдар

1. Осы Хартияның мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін Ұйым аясында мыналар іс-қимыл жасайды:

Мемлекеттер басшыларының кеңесі;
Үкімет басшыларының (премьер-министрлердің) кеңесі;
Сыртқы істер министрлерінің кеңесі;
Министрлік және/немесе ведомстволар басшыларының жиналысы;
Ұлттық үйлестірушілер кеңесі;
Аймақтық терроризмге қарсы құрылым;
Х а т ш ы л ы қ .

2. Аймақтық терроризмге қарсы құрылымды қоспағанда, ШЫҰ органдарының қызметі мен жұмыс тәртібі мемлекеттер басшыларының кеңесі бекітетін тиісті қағидалармен анықталады.

3. Мемлекеттер басшыларының кеңесі ШЫҰ-ның басқа да органдарын құру туралы шешім қабылдай алады. Жаңа органдардың құрылуы осы Хартияға қосымша хаттамалар түрінде ресімделіп, олар осы Хартияның 21-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енгізіледі.

5-бап

Мемлекеттер басшыларының кеңесі

Мемлекеттер басшыларының кеңесі ШЫҰ-ның ең жоғарғы органы болып табылады. Ол Ұйымның басымдықтарын анықтайды және қызметінің негізгі бағыттарын талдап жасайды, оның ішкі құрылымы мен қызмет етуінің және басқа мемлекеттермен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара ықпалдасуының принципті мәселелерін шешеді, сондай-ақ анағұрлым өзекті халықаралық проблемаларды қарайды.

Кеңес кезекті мәжілісіне жылына бір рет жиналады. Мемлекет басшылары кеңесінің мәжілісінде төрағалық етуді кезекті мәжілісті ұйымдастырушы мемлекеттің басшысы жүзеге асырады. Кеңестің кезекті мәжілісін өткізетін орын, әдетте, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер атауының орыс әліпбиі тәртібімен анықталады.

6-бап

Үкіметтер басшыларының (премьер-министрлердің) кеңесі

Үкімет басшыларының (премьер-министрлердің) кеңесі Ұйымның бюджетін қабылдайды, Ұйым аясындағы нақтылы, әсіресе, өзара ықпалдастықты дамытудың экономикалық салаларына қатысты негізгі мәселелерді қарап, шешеді.

Кеңес кезекті мәжілісіне жылына бір рет жиналады. Кеңес мәжілісінде төрағалық етуді мәжіліс аумағында өтіп отырған мемлекет үкіметінің басшысы (премьер-министр) жү з е г е а с ы р а д ы .

Кеңестің кезекті мәжілісінің өтетін орны мүше мемлекеттер үкімет басшыларының (премьер-министрлердің) алдын-ала уағдаластығы бойынша анықталады.

7-бап

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Ұйымның ағымдағы қызметінің, мемлекеттер басшыларының кеңесінің мәжілістерін әзірлеу және Ұйым аясында халықаралық мәселелер бойынша консультациялар өткізу мәселелерін қарайды. Кеңес қажет жағдайда ШЫҰ атынан мәлімдеме жасай алады.

Кеңес, әдетте, Мемлекет басшылары кеңесінің мәжілісі өтерден бір ай бұрын жиналады. Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезектен тыс мәжілісі кем дегенде екі мүше мемлекеттің бастамасы бойынша және барлық басқа мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің келісімімен шақырылады. Кеңестің кезекті және кезектен тыс мәжілістерін өткізетін орны өзара уағдаластық бойынша анықталады.

Кеңесте төрағалық етуді Мемлекеттер басшылары кеңесінің соңғы кезекті мәжілісінің аяқталу күнінен басталып, мемлекет басшылары кеңесінің кезекті мәжілісінің аяқталу күнінен басталатын мерзімнің өту барысында аумағында Мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті мәжілісі өткізілетін Ұйымға мүше

мемлекеттің Сыртқы істер министрі жүзеге асырады.

Сыртқы істер министрлері кеңесінің төрағасы сыртқы байланыстарды жүзеге асыру кезінде кеңес жұмысы тәртібі туралы ережеге сәйкес Ұйым атынан өкілдік етеді.

8-бап

Министрліктер және/немесе ведомстволар басшыларының мәжілістері

Мемлекет басшылары кеңесінің және Үкіметтер басшылары (премьер-министрлердің) кеңесінің шешімдеріне сәйкес, мүше мемлекеттер салалық министрліктерінің және/немесе ведомстволарының жетекшілері ШЫҰ аясында, тиісті салалардағы өзара ықпалдастықты дамытудың нақты мәселелерін қарау үшін жүйелі түрде жиналыстар өткізеді.

Төрағалық етуді жиналысты ұйымдастырушы мемлекеттің тиісті министрлігінің және/немесе ведомствосының жетекшісі жүзеге асырады. Жиналыстың өту орны мен уақыты алдын ала келісіледі.

Жиналысты әзірлеу және өткізу үшін мүше мемлекеттердің алдын ала уағдаластығы бойынша министрліктер және/немесе ведомстволар жетекшілерінің жиналысында бекітілетін жұмыс регламентіне сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын тұрақты немесе уақытша негіздегі сарапшылардың жұмыс тобы құрылуы мүмкін. Бұл топтар мүше мемлекеттер министрліктерінің және/немесе ведомстволарының өкілдерінен жасақталады.

9-бап

Ұлттық үйлестірушілер кеңесі

Ұлттық үйлестірушілер кеңесі Ұйымның ағымдағы қызметін үйлестіруді және басқаруды жүзеге асыратын ШЫҰ органы болып табылады. Ол мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары (премьер-министрлер) кеңесінің және Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілістеріне қажетті әзірлікті жүргізеді. Ұлттық үйлестірушілерді әрбір мүше мемлекет өзінің ішкі тәртіптері мен рәсімдеріне сәйкестей ағайындайды.

Кеңес өзінің мәжілісіне жылына кем дегенде үш рет жиналады. Мемлекеттер басшылары кеңесінің соңғы кезекті мәжілісі аяқталған күннен басталып, Мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті мәжілісінің күнінде аяқталатын мерзім бойы кеңеске төрағалық етуді Мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті мәжілісі аумағында өтетін Ұйымға мүше мемлекеттің ұлттық үйлестірушісі жүзеге асырады.

Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің төрағасы Сыртқы істер министрлер Кеңесі төрағасының тапсыруы бойынша сыртқы байланыстарды жүзеге асырған кезде Ұлттық

үйлестірушілер кеңесінің жұмыс тәртібі туралы ережеге сәйкес Ұйымның атынан өкілдік таныта алады.

10-бап

Аймақтық терроризмге қарсы құрылым

2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге мен экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушы мемлекеттердің Бішкек қаласында (Қырғыз Республикасы) орналасқан Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

Оның негізгі міндеттері мен қызметтері, жасақталу және қаржыландыру принциптері, сондай-ақ қызмет тәртібі мүше мемлекеттер арасында жасалатын жеке халықаралық шартпенен және олар қабылдайтын басқа да қажетті құжаттармен реттеледі.

11-бап

Хатшылық

Хатшылық ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін әкімшілік органы болып табылады. Ол ШЫҰ аясында өткізілетін іс шараларды ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, Ұйымның жыл сайынғы бюджеті жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Хатшылықты атқарушы хатшы басқарады, оны Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынуы бойынша мемлекеттер басшыларының кеңесі бекітеді.

Атқарушы хатшы мүше мемлекеттер азаматтары қатарынан ротациялық негізде мүше мемлекеттер атауының орыс әліпбиі ретімен үш жылдық мерзімге келесі мерзімге ұзарту құқығынсыз тағайындалады.

Атқарушы хатшының орынбасарларын Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің ұсынуы бойынша Сыртқы істер министрлерінің кеңесі бекітеді. Олар атқарушы хатшы тағайындалған мемлекеттің өкілдері бола алмайды.

Хатшылықтың лауазымды тұлғалары квоталық негізде мүше мемлекеттер азаматтарының қатарына жалданады.

Атқарушы хатшы, оның орынбасарлары және хатшылықтың басқа да лауазымды тұлғалары қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүше мемлекеттердің және/немесе үкіметтердің қайсысынан болсын, ұйымдардан немесе жеке адамдардан нұсқау сұрауға немесе нұсқау алуға тиіс емес. Олар ШЫҰ алдында ғана жауапты халықаралық лауазымды тұлғалар ретінде өздерінің жағдайына ықпал ететін кез келген іс-әрекеттен б а с т а р т у ы т и і с .

Мүше мемлекеттер атқарушы хатшы, оның орынбасарлары және хатшылық қызметкерлері міндеттерінің халықаралық сипатын құрметтеуге және оларға қызметтік міндеттерін орындау барысында ықпал етпеуге міндеттенеді.

ШЫҰ хатшылығының орналасқан жері Пекин қаласы (Қытай Халық Республикасы) болып табылады.

12-бап

Қаржыландыру

ШЫҰ-ның өз бюджеті бар, ол мүше мемлекеттер арасындағы арнаулы Келісімге сәйкес қалыптастырылады және атқарылады. Бұл келісім, сондай-ақ мүше мемлекеттер үлестік қатысу принципін негізінде Ұйымның бюджетіне жыл сайын қосатын жарнаның мөлшерін де анықтайды.

Бюджет қаражаты жоғарыда аталған Келісімге сәйкес ШЫҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін органдарын қаржыландыруға жұмсалады. Мүше мемлекеттер Ұйым іс-шараларына олардың өкілдері мен сарапшыларының қатысуына байланысты шығындарды өздері көтереді.

13-бап

Мүшелік

ШЫҰ осы Хартияның мақсаттары мен принциптерін, сондай-ақ ШЫҰ аясында қабылданған басқа да халықаралық шарттар мен құжаттардың қағидаларды сақтауға міндеттенген аймақтық басқа да мемлекеттерін мүшелікке қабылдау үшін ашық.

ШЫҰ-ға жаңа мүшелерді қабылдау туралы мәселенің шешімін мүдделі мемлекеттің Сыртқы істер министрлері кеңесінің жұмыс істеп жүрген төрағасына жолдаған ресми қайырылымының негізінде Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынуы бойынша Мемлекет басшыларының кеңесі қабылдайды.

Осы Хартияның қағидаларын бұзатын және/немесе ШЫҰ аясында жасалған халықаралық шарттар мен құжаттар бойынша өз міндеттемелерін үнемі орындамайтын ШЫҰ-ға мүше мемлекеттің мүшелігі Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынуы бойынша Мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімімен тоқтатыла тұруы мүмкін. Егер ол мемлекет өз міндеттемелерін бұзуын жалғастыратын болса, онда Мемлекеттер басшыларының кеңесі Кеңестің өзі анықтайтын күннен бастап оны ШЫҰ-дан шығару туралы шешім қабылдай алады.

Кез келген мүше мемлекеттің ШЫҰ-дан шығу күнінен кем дегенде он екі ай бұрын осы Хартиядан шығу туралы депозитарийге ресми хабарлама жібере отырып, ШЫҰ-дан шығу құқығы бар. Осы Хартияға және ШЫҰ аясында қабылданған басқа құжаттарға қатысу кезеңінде туындаған міндеттемелер тиісті мемлекеттерді олар толық орындағанға дейін байланыста ұстайды.

14-бап

Басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара қатынас

ШЫҰ басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен, соның ішінде ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары бойынша өзара ықпалдастыққа және диалогқа түсе алады.

ШЫҰ мүдделі мемлекетке немесе халықаралық ұйымға диалог бойынша әріптес немесе бақылаушы мәртебесін бере алады. Мұндай мәртебені беру тәртібі мен рәсімі мүше мемлекеттер арасындағы арнаулы келісіммен бекітіледі.

Осы Хартия оған мүше мемлекеттердің өздері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Құқықтық қабілеттілік

ШЫҰ-ның халықаралық құқық субъектісі ретінде халықаралық құқықтық қабілеттілігі бар. Ол әрбір мүше мемлекеттің аумағында оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті осындай құқықтық қабілеттілікті пайдаланады.

ШЫҰ заңдық тұлғаның құқықтарын пайдаланады және атап айтқанда:

- шарттар жасаса алады;
- жылжымалы және жылжымайтын мүлік сатып алып, оларға өкім ете алады;
- соттарда талапкер немесе жауапкер ретінде шыға алады;
- шоттар ашып, ақша қаражатымен операциялар жасай алады.

16-бап

Шешімдердің қабылдану тәртібі

ШЫҰ органдарында шешім дауыс беруді өткізбестен келісу жолымен қабылданады, "консенсус минус мүдделі мүше мемлекеттің бір дауысы" принципі бойынша қабылданатын мүшелікті тоқтата тұру немесе Ұйымнан шығару туралы шешімдерді қоспағанда, келісу процесінде бірде-бір мүше мемлекет шешімге қарсы болмаса консенсус, ол қабылданды деп саналады.

Кез келген мүше мемлекет қабылданатын шешімдердің жекелеген жәйттері және/немесе нақты мәселелері бойынша өз көзқарасын баяндай алады, мұның өзі тұтастай алғанда шешімді қабылдау үшін тосқауыл болып табылмайды. Бұл көзқарас мәжіліс хаттамасына жазылады.

Бір немесе бірнеше мүше мемлекет басқа мүше мемлекеттер үшін мүдделілік туғызатын жекелеген ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыруға мүдделі болмаған

жағдайларда аталған мүше мемлекеттердің оларға қатыспауы мүдделі мүше мемлекеттердің мұндай ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыруына кедергі бола алмайды және мүше мемлекеттердің бұдан кейін ондай жобаларды жүзеге асыруға қосылуына да кедергі болмайды.

17-бап

Шешімдердің орындалуы

ШЫҰ органдарының шешімдерін мүше мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасында анықталған рәсімдерге сәйкес орындайды.

Мүше мемлекеттердің осы Хартияны, ШЫҰ аясында жұмыс істейтін оның органдарының басқа да шарттары мен шешімдерін іске асыру жөніндегі міндеттемелерін орындауына бақылау жасауды ШЫҰ органдары өз құзырының шегінде жүзеге асырады.

18-бап

Тұрақты өкілдер

Мүше мемлекеттер өздерінің ішкі ережелері мен рәсімдеріне сәйкес ШЫҰ хатшылығының жанындағы өздерінің тұрақты өкілдерін тағайындайды, олар мүше мемлекеттердің Пекин қаласындағы елшіліктері дипломатиялық қызметкерлерінің құрамына кіретін болады.

19-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

ШЫҰ және оның лауазымды адамдары барлық мүше мемлекеттердің аумағында Ұйым қызметін атқару және мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

ШЫҰ мен оның лауазымды адамдарының артықшылықтары мен иммунитеттерінің көлемі жеке халықаралық шартпен анықталады.

20-бап

Тілдер

ШЫҰ-ның ресми және жұмыс тілдері орыс және қытай тілдері болып табылады.

21-бап

Қолданыс және күшіне енгізілу мерзімі

Осы Хартия белгісіз мерзімге жасалады.

Осы Хартия оған қол қойған мемлекеттер тарапынан бекітілуі тиіс және төртінші бекіту грамотасы депозитарийге сақтауға берілген күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Хартия оған кешірек қол қойып, оны кешірек бекіткен мемлекет үшін бекіту грамотасын депозитарийге сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хартия кез келген мемлекеттің қосылуы үшін күшіне енгеннен кейін ғана ашық.

Осы Хартия қосылатын мемлекеттер үшін қосылу туралы тиісті құжаттарды депозитарий алған күннен бастап санағанның отызыншы күні күшіне енеді.

22-бап

Дауларды шешу

Осы Хартияны түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мүше мемлекеттер оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

23-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Хартияға мүше мемлекеттердің өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімдері жекелеген хаттамалармен рәсімделеді, олар осы Хартияның ажырамас бөліктері болып табылады және осы Хартияның 21-бабына көзделген тәртіппен күшіне енеді.

24-бап

Ескертпелер

Осы Хартияға Ұйымның принциптеріне, мақсаттар мен міндеттеріне қайшы келетін, сондай-ақ ШЫҰ-ның қандайда бір органның өз функцияларын орындауына кедергі келтіретін ескертпелер жасалмайды. Мүше мемлекеттердің кем дегенде 3/2 (үштен екісі) қарсылық білдірген жағдайда, ескертпелер Ұйымның принциптеріне, мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келеді немесе қандай да бір органның өз функцияларын орындауына кедергі келтіреді деп есептеуі тиіс және заңды күші болмайды.

25-бап

Депозитарий

Қытай Халық Республикасы осы Хартияның депозитарийі болып табылады.

26-бап
Тіркеу

Осы Хартия Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығында тіркелуі тиіс.

Санкт-Петербург қаласында 2002 жылғы 7 маусымда орыс және қытай тілдерінде бір дана болып жасалады және де екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Хартияның түпнұсқа данасы депозитарийге сақтауға тапсырылады, ол куәландырған көшірмелерді барлық қол қойған мемлекеттерге жібереді.

Қазақстан Республикасы үшін *Қытай Халық Республикасы үшін* *Қырғыз Республикасы үшін*

Ресей Федерациясы үшін *Тәжікстан Республикасы үшін* *Өзбекстан Республикасы үшін*